«QazaqGaz» ҰК» АҚ
Директорлар кеңесінің шешіміне қосымша
2026 жылғы «6» ақпан №02/26 хаттама
№6 мәселе

«QazaqGaz» ҰК» АҚ
Директорлар кеңесінің
2026 жылғы «6» ақпан шешімімен
№02/26 хаттама
№6 мәселе
**«БЕКІТІЛДІ»**

...АТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК ...ЦИЯСЫ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ...ЫНЫҢ НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ...НЫҢ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІККЕ ҚҰҚЫҚТАРДЫ ... ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫ ТІРКЕУ БАСҚАРМАСЫ
ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ 2026 ж. «02» 03 ЖҮРГІЗІЛДІ
БСН 970740000392
№ 105-1901-НАО-02-АО
Бастапқы тіркелген күні 2005 ж. «28» 01

**Жалғыз акционердің шешімімен бекітілген**
**«Интергаз Орталық Азия» АҚ Жарғысына**
**ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР**
**(2022 жылғы 10 қарашадағы № 21 хаттама)**

1. 3-баптың 13-тармағы мынадай мазмұндағы 24) тармақшамен толықтырылсын:

**«24) пайдаланудан шығарылған, одан әрі пайдалану үшін жарамсыз құбырларды, сондай-ақ қара және түсті металдардың сынықтарын өткізуді жүзеге асыру (ЭҚЖЖ 46.77.1 қара және түсті металдардың сынықтары мен қалдықтарының көтерме саудасы).».**

2. 7-баптың 37-тармағының 3) тармақшасы алып тасталсын.

3. 7-баптың 38-тармағының 2-абзацындағы **«уәкілетті органның ресми қайта қаржыландыру ресми мөлшерлемесі»** деген сөздер **«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі»** деген сөздермен ауыстырылсын.

4. 7-баптың 42-тармағында:

- 1-абзацтағы **«артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төленуге тиіс жылдың 31 желтоқсанына дейінгі мерзімде»** деген сөздер **«дивидендтер алуға құқығы бар акционерлердің тізімі жасалған күннен кейін тоқсан күннен кешіктірмей»** деген сөздермен ауыстырылсын;

- 4-абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«**Жай акциялар** бойынша дивидендтер төлеу Жалғыз акционер Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі күннен бастап күнтізбелік тоқсан күннен кешіктірілмей жүзеге асырылуы тиіс.».

- 6-абзац алынып тасталсын.

5. 9-баптың 51-тармағының 1) және 2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«1) **аудиттелген** жылдық қаржылық есептілік;

2) аудиттелген жылдық қаржылық есептілікке **аудиторлық** есеп;».

6. 10-баптың 53-тармағының 12), 20) және 23) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«12) Қоғамның **аудиттелген** жылдық қаржылық есептілігін бекіту;

20) белгіленген тәртіппен **Қоғамның** Басқарма төрағасын (Бас директорын) сайлау (тағайындау) және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

23) Қоғам жасауға мүдделілігі бар ірі мәміле жасасу туралы шешім қабылдау;».

7. 11-баптың 59-тармағының 1), 7), 9), 16), 17), 18), 19) және 23) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«1) **ESG мақсаттарын дамыту және интеграциялау жоспарын анықтау (бағыттар мен нәтижелер);**

7) **аудиттелген** жылдық қаржылық есептілікті алдын ала бекіту;

9) Директорлар кеңесінің комитеттерін құру, олар туралы ережелерді бекіту, **сондай-ақ комитет мүшелерін сайлау**;

16) Ішкі аудит қызметі **басшысының** және жұмыскерлерінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, ол туралы ережені бекіту, **оның** басшысын және мүшелерін **(жұмыскерлерін) сайлау** (тағайындау), сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін айқындау, сондай-ақ **Ішкі аудит қызметі басшысының және мүшелерінің (жұмыскерлерінің)** лауазымдық жалақысының мөлшерін, сыйақы, **сыйлықақы беру** және әлеуметтік қолдау шарттарын айқындау, Қоғамның Ішкі аудит қызметінің жылдық аудиторлық жоспарын бекіту, тоқсандық және жылдық есептерін қарау және олар бойынша шешімдер қабылдау;

17) Комплаенс қызметі басшысының және жұмыскерлерінің **сандық құрамын**, өкілеттік мерзімін айқындау, **ол туралы ережені бекіту, оның басшысын мен жұмыскерлерін сайлау (тағайындау), сондай-ақ** олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Комплаенс қызметінің жұмыс тәртібін айқындау, сондай-ақ **Комплаенс қызметі басшысының және жұмыскерлерінің** лауазымдық жалақысының мөлшерін, сыйақы, сыйлықақы беру және әлеуметтік қолдау шарттарын айқындау, Комплаенс қызметінің жұмыс жоспарын қарау, Қоғамның Комплаенс қызметінің қызметі туралы тоқсандық және жылдық есептерін қарау және олар бойынша шешімдер қабылдау, Қоғамның комплаенс мәселелері бойынша саясатын, рәсімдері мен өзге де ішкі құжаттарын бекіту;

18) Омбудсменді **сайлау** (тағайындау), оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, ол туралы ережені бекіту, сондай-ақ лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақы, **сыйлықақы беру** және әлеуметтік қолдау шарттарын айқындау, Омбудсмен қызметі туралы есептерді қарау және олар бойынша шешімдер қабылдау;

19) Корпоративтік хатшыны **сайлау** (тағайындау), оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, ол туралы ережені бекіту, Корпоративтік хатшы қызметін құру туралы шешім қабылдау, сондай-ақ Корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақы, **сыйлықақы беру** және әлеуметтік қолдау шарттарын айқындау;

23) тәуекелдерді басқару және **ішкі бақылау жөніндегі саясатты, тәуекел-аппетитті, тәуекелдер тіркелімі мен картасын бекіту, Қоғамның тәуекелдері бойынша тоқсан сайынғы есептерді қарау, сондай-ақ тәуекелдерді басқару жүйесінің, ішкі бақылаудың және Қоғамның корпоративтік басқару жүйесінің сақталуын және тиімділігін бағалауды қамтамасыз ету**;».

8. 11-бап мынадай мазмұндағы 59-1 тармақпен толықтырылсын:

**«59-1. Директорлар кеңесі:**

**1) лауазымды тұлғалар мен Жалғыз акционер деңгейінде ықтимал мүдделер қақтығысын, оның ішінде Қоғамның меншігін заңсыз пайдалануды және мүдделілігі бар мәмілелерді жасау кезінде теріс пайдалануды қадағалау және мүмкіндігінше жою;**

**2) Қоғамда корпоративтік басқару практикасының тиімділігіне бақылауды жүзеге асыруға міндетті.».**

9. 11-баптың 62-тармағында **«Мұндай тұлғалардың саны Қоғамның Директорлар кеңесі құрамының елу пайызынан аспауға тиіс.»** деген сөйлем алып тасталсын.

10. 11-баптың 65-тармағында:

- 1-абзацта **«Директор»** деген сөз **«Директорлар кеңесінің мүшесі»** деген сөздермен ауыстырылсын;

- 3) және 4) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«3) бұрын **мәжбүрлеп тарату немесе акцияларды мәжбүрлеп сатып алу немесе белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде басқа заңды тұлғаның Директорлар кеңесінің төрағасы, атқарушы органның басшысы, басшысының орынбасары, бас бухгалтері** болған (көрсетілген талап **мәжбүрлеп тарату немесе акцияларды мәжбүрлеп сатып алу немесе белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау** туралы шешім қабылданған күннен кейін 5 (бес) жыл ішінде қолданылады);

**4) сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған;».**

11. 11-баптың 73-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«73. Директорлар кеңесінің төрағасы Заңнамада және Жарғыда белгіленген тәртіпте:

**1) Директорлар кеңесінің отырыстарын жоспарлауды және күн тәртібін қалыптастыруды жүзеге асырады;**

**2) Директорлар кеңесі мүшелерінің шешімдер қабылдау үшін толық және өзекті ақпаратты уақтылы алуын бақылауды қамтамасыз етеді;**

**3) Директорлар кеңесінің стратегиялық мәселелерді қарауға және директорлар кеңесінің қарауына жататын ағымдағы (операциялық) сипаттағы мәселелерді барынша азайтуға назар аударуын қамтамасыз етеді;**

**4) талқылауға жеткілікті уақыт бөлу, күн тәртібіндегі мәселелерді жан-жақты және терең қарау, ашық талқылауларды ынталандыру, келісілген шешімдерге қол жеткізу арқылы Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізудің барынша нәтижелілігін қамтамасыз етеді;**

**5) негізгі стратегиялық шешімдер қабылдау кезінде Жалғыз акционермен консультациялар ұйымдастыруды қамтитын Жалғыз акционермен тиісті коммуникация мен өзара іс-қимыл құруды ұйымдастырады;**

**6) Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционердің қабылданған шешімдерінің тиісінше орындалуына мониторинг пен қадағалауды қамтамасыз етеді;**

**7) корпоративтік жанжалдар туындаған жағдайда оларды шешу және олардың Қоғам қызметіне теріс әсерін барынша азайту жөнінде шаралар қабылдайды және мұндай жағдайларды өз күшімен шешу мүмкін болмаған жағдайда Жалғыз акционерді уақтылы хабардар етеді;**

**8) Қоғамның қызмет нәтижелеріне және Даму жоспарының (бизнес-жоспарының) орындалуына материалдық көтермелеудің және Басқарма төрағасының (Бас директордың) жауапкершілігінің тікелей тәуелділігін көздейтін** Қоғамның Басқарма төрағасымен (Бас директорымен) Қоғамның атынан еңбек шартын жасасады;

**9) Қоғамның атынан Директорлар кеңесінің мүшелерімен шарттарға қол қояды;**

**10)** Заңнамада және Жарғыда көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.».

12. 11-баптың 75-тармағы мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

**«4) Қоғамның Ішкі аудит қызметі.».**

13. 11-баптың 87-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«87. Қоғам Жарғысының 59-тармағының 1), **3)-9), 13)-25), 28) және 29** тармақшаларында белгіленген мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы шешімдер қабылдана алмайды.».

14. 11-баптың 95-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«95. Ең маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсыныстар дайындау үшін Қоғамда Директорлар кеңесінің **мынадай** мәселелер жөніндегі комитеттері құрылуы **тиіс**:

1) стратегиялық жоспарлау;

2) кадрлар мен сыйақылар;

**3) аудит;**

**4) тұрақты даму.**

**Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен Директорлар Кеңесінің өзге де комитеттері құрылуы мүмкін.».**

15. Баптың 96 тармағының 2 және 3 абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

«Директорлар кеңесінің комитетін Директорлар кеңесінің мүшесі басқарады. **Директорлар кеңесінің аудит жөніндегі комитетінің басшысы (төрағасы) тек тәуелсіз директор бола алады.**

**Басқарма төрағасы (Бас директор)** Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды.».

16. 12-баптың 98-тармағында:

- 2) және 3) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«2) Қоғамның әкімшілік және басқарушы жұмыскерлерінің (Қоғамның Басқарма мүшелерін, Ішкі аудит қызметінің, Комплаенс қызметінің, Қоғамның Корпоративтік хатшысы мен Омбудсменін жұмыскерлерін қоспағанда) еңбегіне ақы төлеу **және сыйлықақы беру,** әлеуметтік қолдау көрсету туралы ережені, лауазымдық жалақыларының схемасын бекітеді;

**3) Жалғыз акционер және Директорлар кеңесі бекітетін саясатты қоспағанда,** Қоғамның салықтық, есептік және өзге де саясатын бекітеді;»;

- 13) және 17) тармақшалар алынып тасталсын және тиісінше тармақшалардың кейінгі нөмірленуі өзгертілсін;

- 28-абзацтағы «нәтижесінде» деген сөздер **«салдарынан»** деген сөзбен ауыстырылсын.

**Басқарма төрағасы**
**(Бас директор)** **Манас Мухитович Тасыбаев**

Приложение
к решению Совета директоров
АО «НК «QazaqGaz»
протокол № 02/26 от « 6 » февраля 2026 года
вопрос № 6

**«УТВЕРЖДЕНО»**
Решением Совета директоров
АО «НК «QazaqGaz»
протокол № 02/26
вопрос № 6

**ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ**
**в Устав АО «Интергаз Центральная Азия», утвержденный решением Единственного акционера (протокол № 21 от 10 ноября 2022 года)**

1. Пункт 13 статьи 3 дополнить подпунктом 24) следующего содержания:

«**24) осуществление реализации непригодных для дальнейшего использования выбывших из употребления труб, а также лома черных и цветных металлов (ОКЭД 46.77.1 Оптовая торговля ломом и отходами черных и цветных металлов).**».

2. Подпункт 3) пункта 37 статьи 7 исключить.

3. В абзаце 2 пункта 38 статьи 7 слова «**официальной ставки рефинансирования уполномоченного органа**» заменить на слова «**базовой ставки Национального Банка Республики Казахстан**».

4. В пункте 42 статьи 7:

- в абзаце 1 слова «**в срок до 31 декабря года, за который должны быть выплачены дивиденды по привилегированным акциям**» заменить словами «**не позднее девяноста дней после даты составления списка акционеров, имеющих право получения дивидендов**»;

- абзац 4 изложить в следующей редакции:

«Выплата дивидендов **по простым акциям** должна быть осуществлена не позднее девяноста календарных дней с даты, следующей за датой принятия Единственным акционером решения о выплате дивидендов по простым акциям Общества.».

- абзац 6 исключить.

5. Подпункты 1) и 2) пункта 51 статьи 9 изложить в следующей редакции:

«1) **аудированную** годовую финансовую отчетность;

2) аудиторский отчет к **аудированной** годовой финансовой отчетности;».

6. Подпункты 12), 20), и 23) пункта 53 статьи 10 изложить в следующей редакции:

«12) утверждение **аудированной** годовой финансовой отчетности Общества;

20) в установленном порядке избрание (назначение) Председателя Правления (Генерального директора) **Общества** и досрочное прекращение его полномочий;

23) принятие решения о заключении крупной сделки, в совершении которой Обществом имеется заинтересованность;».

7. Подпункты 1), 7), 9), 16), 17), 18), 19) и 23) пункта 59 статьи 11 изложить в следующей редакции:

«1) **определение плана развития и интеграции ESG целей (направления и результаты);**

7) предварительное утверждение **аудированной** годовой финансовой отчетности;

9) создание комитетов Совета директоров, утверждение положений о них, **а также избрание членов комитетов**;

16) определение количественного состава, срока полномочий **руководителя и** работников Службы внутреннего аудита, утверждение положения о ней, **избрание** (назначение) **ее** руководителя и членов **(работников)**, а также досрочное прекращение их полномочий, определение порядка работы Службы внутреннего аудита, а также размера должностного оклада, условий вознаграждения, **премирования** и социальной поддержки **руководителя и членов (работников) Службы внутреннего аудита**, утверждение годового аудиторского плана, рассмотрение квартальных и годовых отчетов Службы внутреннего аудита Общества и принятие по ним решений;

17) определение **количественного состава,** срока полномочий руководителя и работников Службы комплаенс, **утверждение положения о ней, избрание (назначение) ее руководителя и работников, а также** досрочное прекращение их полномочий, определение порядка работы Службы комплаенс, а также размера должностного оклада, условий вознаграждения, премирования и социальной поддержки **руководителя и работников Службы комплаенс**, утверждение плана работы Службы комплаенс, рассмотрение квартальных и годовых отчетов о деятельности Службы комплаенс Общества и принятие по ним решений, утверждение политик, процедур и иных внутренних документов Общества по вопросам комплаенс;

18) **избрание** (назначение), определение срока полномочий Омбудсмена, досрочное прекращение его полномочий, утверждение положения о нем, а также определение размера должностного оклада и условий вознаграждения, **премирования** и социальной поддержки, рассмотрение отчетов о деятельности Омбудсмена и принятие по ним решений;

19) **избрание** (назначение), определение срока полномочий Корпоративного секретаря, досрочное прекращение его полномочий, утверждение положения о нем, принятие решения о создании службы Корпоративного секретаря, а также определение размера должностного оклада и условий вознаграждения, **премирования** и социальной поддержки Корпоративного секретаря;

23) **утверждение** политики по управлению рисками **и внутреннему контролю, риск-аппетита, регистра и карты рисков, рассмотрение ежеквартальных отчетов по рискам Общества, а также обеспечение соблюдения и оценка эффективности системы управления рисками, внутреннего контроля и системы корпоративного управления Общества**;».

8. Статью 11 дополнить пунктом 59-1 следующего содержания:

**«59-1. Совет директоров должен:**

**1) отслеживать и по возможности устранять потенциальные конфликты интересов на уровне должностных лиц и Единственного акционера, в том числе неправомерное использование собственности Общества и злоупотребление при совершении сделок, в которых имеется заинтересованность;**

**2) осуществлять контроль за эффективностью практики корпоративного управления в Обществе.»**.

9. В пункте 62 статьи 11 предложение «**Количество таких лиц не может превышать пятьдесят процентов состава Совета директоров Общества.**» исключить.

10. В пункте 65 статьи 11:

- в абзаце 1 слово **«директора»** заменить на слова **«члена Совета директоров»**;

- подпункты 3) и 4) изложить в следующей редакции:

«3) ранее являвшееся **председателем Совета директоров, руководителем исполнительного органа, заместителем руководителя, главным бухгалтером другого юридического лица в период не более чем за один год до принятия решения о принудительной ликвидации или принудительном выкупе акций, или консервации другого юридического лица, признанного банкротом в установленном порядке** (указанное требование применяется в течение 5 (пяти) лет после даты принятия решения о принудительной ликвидации **или принудительном выкупе акций, или консервации другого юридического лица, признанного банкротом в установленном порядке**);

**4) совершившее коррупционное преступление;**».

11. Пункт 73 статьи 11 изложить в следующей редакции:

«73. Председатель Совета директоров в порядке, установленном Законодательством и Уставом:

**1) осуществляет планирование заседаний Совета директоров и формирование повестки;**

**2) обеспечивает контроль за своевременным получением членами Совета директоров полной и актуальной информации для принятия решений;**

**3) обеспечивает сосредоточение внимания Совета директоров на рассмотрении стратегических вопросов и минимизации вопросов текущего (операционного) характера, подлежащих рассмотрению Советом директоров;**

**4) обеспечивает максимальную результативность проведения заседаний Совета директоров посредством выделения достаточного**

**времени для обсуждений, всестороннего и глубокого рассмотрения вопросов повестки дня, стимулирования открытых обсуждений, достижения согласованных решений;**

**5) организовывает построение надлежащей коммуникации и взаимодействия с Единственным акционером, включающее организацию консультаций с Единственным акционером при принятии ключевых стратегических решений;**

**6) обеспечивает мониторинг и надзор надлежащего исполнения принятых решений Совета директоров и Единственного акционера;**

**7) в случае возникновения корпоративных конфликтов принимает меры по их разрешению и минимизации их негативного влияния на деятельность Общества и своевременно информирует Единственного акционера в случае невозможности решения таких ситуаций собственными силами;**

**8)** заключает от имени Общества трудовой договор с Председателем Правления (Генеральным директором) Общества, **предусматривающий прямую зависимость материального поощрения и ответственность Председателя Правления (Генерального директора) от результатов деятельности и выполнения Плана развития (бизнес-плана) Общества**;

**9) подписывает от имени Общества договоры с членами Совета директоров;**

**10)** осуществляет иные функции, предусмотренные Законодательством и Уставом.».

12. Пункт 75 статьи 11 дополнить подпунктом 4) следующего содержания:

**«4) Службы внутреннего аудита Общества.».**

13. Пункт 87 статьи 11 изложить в следующей редакции:

«87. Не могут быть приняты решения посредством заочного голосования по вопросам, определенным подпунктами 1), **3)-9)**, **13)**-**25)**, **28) и 29)** пункта 59 Устава Общества.».

14. Пункт 95 статьи 11 изложить в следующей редакции:

«95. Для рассмотрения наиболее важных вопросов и подготовки рекомендаций Совету директоров в Обществе должны быть созданы комитеты Совета директоров по вопросам:

1) стратегического планирования;

2) кадров и вознаграждений;

3) **аудита;**

4) **устойчивого развития.**

**Решением Совета директоров Общества могут быть созданы иные комитеты Совета директоров.**».

15. Абзацы 2 и 3 пункта 96 статьи 11 изложить в следующей редакции:

«Комитет Совета директоров возглавляет член Совета директоров. **Руководителем (председателем) комитета по аудиту Совета директоров может быть только независимый директор.**

**Председатель Правления (Генеральный директор)** не может быть председателем комитета Совета директоров.».

16. В пункте 98 статьи 12:

- подпункты 2) и 3) изложить в следующей редакции:

«2) утверждает правила об оплате труда **и премирования**, оказания социальной поддержки, схемы должностных окладов административных и управленческих работников Общества (за исключением членов Правления Общества, работников Службы внутреннего аудита, Службы комплаенс, Корпоративного секретаря и Омбудсмена Общества);

3) утверждает налоговую, учетную и иные политики Общества, **за исключением политик, утверждаемых Единственным акционером и Советом директоров**;»;

- подпункты 13) и 17) исключить, и соответственно изменить последующую нумерацию подпунктов;

- в абзаце 28 слова «в следствии» заменить словом **«вследствие»**.

**Председатель Правления**
**(Генеральный директор)** **Тасыбаев Манас Мухитович**

Прошнуровано
и пронумеровано
на [illegible] листах

АН РЕСПУБЛИКАСЫ АСТАНА ҚАЛАСЫ ИНТЕРГАЗ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ АҚ
КА КАЗАХСТАН ГОРОД АСТАНА АО ИНТЕРГАЗ ЦЕНТРАЛЬНАЯ АЗИЯ
…GAS …RAL …IA